

Мереке шуағы

Республика күні – ел Тәуелсіздігінің бастауы

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Ұлттық мереке – Республика күнін ұлытаулықтар да тойлады. Аудандық мәдениет үйінде еліміздің егемендігі туралы Декларация қабылданған күннің тарихи маңыздылығы кеңінен баяндалды. Жиында өңір белсенділері мен сала қызметкерлері марапатталып, құрмет биігінен көрінді.



→ 8-бет



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1990 жылы бұл күні Республикамыздың егемендігі туралы Декларация қабылданып, ол Тәуелсіздікке батыл бет бұрған жас мемлекетіміздің өміріндегі ұлы оқиға болғаны анық. Сондықтан, осы күн бүкіл еліміз үшін ең қастерлі күн ретінде саналады. Бүгінгі күні еліміз экономикасы өркендеген, әлеуметтік салада үлкен жетістігі бар Халықаралық қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алған әлемдік өркениет нарықтық қатынасты берік ұстанып, экономикасы мен мәдениеті дамыған, бейбітшілік пен тұрақтылығы салтанат құрған егемен елге айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы маусымдағы Ұлттық құрылтай отырысында 25 қазанның қазақ тарихындағы маңызды күн екенін ерекше атап өтіп, бұл тарихи оқиғаны Тәуелсіздікке жасалған алғашқы қадам екенін жеткізді. Осылайша, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізін қалаған күн өзінің лайықты бағасын алды. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз толағай табыстарға жетті.

Қадірлі ұлытаулықтар!

Халқымыздың арманы орындалған Ұлы күні-Ұлттық мерекеміз баянды болсын. Баршаңызды ұлық мереке – Республика күнімен құттықтаймыз! Егемен еліміздің мерейі өсіп, мәртебесі көтеріле берсін! Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, береке мен бірлік, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілейміз!

Аманжол МЫРЗАБЕКОВ,
Ұлытау ауданының әкімі.
Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ,
аудандық мәслихаттың төрағасы.



Аудан тынысы



Ел мерейін асырар еңселі нысан

Қоскөл ауылына кіреберісте ауылдың аты айқын көрінетін, сәулеті келіскен сәнді арка орнатылды. Бұл — елді мекеннің 50 жылдық мерейтойы мен Республика күні мерекесіне орай жүзеге асқан ерекше тарту.

Жаңа арка ауылға кірген сәттен-ақ көз тартады. Күндіз алыстан жарқырап, түнгі уақытта жарық шамдарымен айналаны нұрға бөлейді. Арканың жобалық-сметалық құжаттамасы аудан әкімдігі тарапынан әзірленіп, құрылыс жұмыстары белгіленген мерзімде сапалы аяқталды. Нысанға аудан бюджеті есебінен қаржы бөлінді.

→ 2-бет

БАСПАСӨЗ-2026

**«ҰЛЫТАУ»
ГАЗЕТІ –
ӘР ШАҢЫРАҚҚА!**



Құрметті оқырман!

«Ұлытау» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Аудан өмірінің айнасы, киелі өңір жаңалығының жаршысы, өздеріңіздің төл басылымдарыңызбен бірге болуға асығыңыздар!

Жеке тұлғалар үшін
1 жылға – 4000 теңге
6 айға – 2000 теңге

Мекемелер мен
кәсіпорындар үшін
1 жылға – 8000 теңге
6 айға – 4000 теңге

Мекен-жайымыз:
Ұлытау ауданы,
Ұлытау/селосы,
Абайкөшесі 22 үй.
Байланыс нөміріміз:
2-13-72

Мереке мерейі



Құтқарушылар құрметке бөленді

19 қазан – еліміздегі ең жауапты әрі қайсар мамандық иелерінің кәсіби мерекесі – Құтқарушылар күні. Биыл бұл күн Қазақстан Республикасының құтқару қызметінің 30 жылдық мерейлі белесімен тұспа-тұс келіп отыр. Осыған орай Ұлытау ауданында салтанатты жиын өтіп, төтенше жағдайлар саласында абыройлы еңбек етіп жүрген құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің мерейі артты.

Іс-шараға аудан әкімі Аманжол Мырзабеков, мемлекеттік мекеме басшылары мен қызметкерлер, сондай-ақ ардагер құтқарушылар қатысты. Салтанатты жиында аудан басшысы құтқарушыларға жүрек жарды лебізін жеткізді.

– Құтқарушылар – қауіп пен қатердің қақ ортасында жүріп, адам өмірін арасалауға, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бар күш-жігерін арнайтын батыл жандар. Сіздердің табанды еңбектеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз және жанқиярлық істеріңіз – қоғам үшін үлкен құрметке лайық, – деп атап өтті Аманжол Батырбекұлы өз құттықтауында.

Өз кезегінде аудан әкімі бірқатар қызметкерлерге марапаттар мен Алғыс хаттар табыс етті. Атап айтқанда, аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны Медет Исмаилов, №5 Өрт сөндіру бөлімінің аға жүргізушісі, азаматтық қорғау старшинасы Айбек Ивантай, Жезді кентіндегі №4 Өрт сөндіру бекетінің бөлімше командирі, азаматтық қорғау аға сержанты Жасұлан Оразай Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, Әлихан Әбдіқалық (№5 бөлімнің жүргізуші-қызметкері, азаматтық қорғау сержан-

ты), Еламан Тұрсынбаев (өрт сөндіруші-құтқарушы, азаматтық қорғау кіші сержанты), Серікболсын Ербол (өрт сөндіруші-құтқарушы, азаматтық қорғау кіші сержанты), Мақсат Байбосын (№4 бекеттің өрт сөндіруші-құтқарушысы, азаматтық қорғау кіші сержанты), Нұрлан Байманов (№4 бекеттің жүргізуші-қызметкері, азаматтық қорғау сержанты) аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты жиында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына орай, кәсіби шеберлігі мен аудан тұрғындарының қауіпсіздігі жолындағы адал еңбегі үшін құтқарушыларға аудан әкімдігі тарапынан 200 мың теңге көлемінде сыйақы табыс етілді.

Мерекелік жиын аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының патриоттық ән-шашуымен жалғасып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бүгінгі таңда Ұлытау өңірінің құтқарушылары кез келген төтенше жағдай кезінде ел қауіпсіздігін сақтау, тұрғындарға көмек көрсету, табиғи және техногендік апаттардың алдын алу бағытында елеулі еңбек етіп келеді. Олардың қажырлы қызметі – бейбіт өмірдің, тыныш күннің кепілі.

Ізбасар ОЙБАС.

Сапар орталығында Орманшылар күніне арналған салтанатты шара өтті. Табиғат байлығын көздің қарашығындай қорғап жүрген орманшылар қауымына арналған бұл мереке жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Биылғы басқосу ерекше мазмұнға толы болды. Шараға сала ардагерлері, қазіргі таңда еңбек етіп жүрген қызметкерлер және аудан басшылығы қатысты.

Орманшылар марапат төрінде



Жиынды ашқан Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков жиналғандарды кәсіби мерекемен құттықтап, орман саласының өңір экологиясын сақтаудағы, табиғат байлығын қорғаудағы маңызды рөлін атап өтті.

– Сіздер орман шаруашылығы саласымен қатар, ауданымыздағы мәдени іс-шараларға, экологиялық акцияларға да белсене қатысып келесіздер. Бұл – туған жерге, қызмет етіп жатқан өңірге деген зор құрмет пен жанашырлықтың айқын көрінісі. Осындай азаматтық ұстанымдарыңыз үшін өз атымнан шынайы алғысымды білдіремін, – деді аудан әкімі өз сөзінде.

Мереке барысында еңбек озаттары мен сала ардагерлеріне құрмет көрсетілді. «Ұлытау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Ғалым Қойшыбаев бірқатар қызметкерлерді марапаттады. Бауыржан Жанпейісов, Әсет Сөйілханов, Роза Жүнісова аудан әкімінің Алғыс хаттарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ Ғалым Қойшыбаевтың өзі Ұлытау ауданының Құрмет грамотасына ие болды.

Шарада сонымен қатар, Ұлытау облысы бойынша орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Закария Туралиев орманшыларды кәсіби мерекемен құттықтап, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Құрмет грамотасын мемлекеттік инспектор Сәлкен Тұрарұлына табыс етті.

Салтанатты жиын соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласып, орманшыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әсем ән мен күмбірлеген күй табиғат қорғаушыларының мерейін үстем етті.

Орманшылар күні – тек кәсіби мереке ғана емес, туған жер табиғатына деген сүйіспеншілікті дәріптейтін, елге еңбегі сіңген азаматтарды ұлықтайтын мәнді мейрам.

Ізбасар ОЙБАС.

Ел мерейін асырар еңселі нысан

(Соңы. Басы 1-бетте).


Ауыл тұрғындары үшін бұл арканың орны бөлек. «Арқа — тек сәулеттік элемент емес, ауылымыздың тарихы мен бүгінгі еңсесін айшықтайтын нысан. Бұл – елді мекенге деген құрметтің, тұрғындардың бірлігінің көрінісі», – дейді ауыл ақсақалдары.

Қоскөл ауылы қашанда ынтымағы жарасқан, еңбекқор жұрттың мекені саналады. Соңғы жылдары ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымы жаңарып, көшелерге жарық орнатылып, жолдар жөнделді. Жаңа нысандар бой көтеріп, ауылдың ажары айшықтала түсті.

Аудан орталығынан шалғай орналасқанына қарамастан, Қоскөл бүгінде дамудың жаңа белесіне көтеріліп келеді. Ауылға көшуге ниет білдірушілердің де қатары артып, елді мекеннің болашағына деген сенім нығая түсті.

Ауылдың жарты ғасырлық тарихымен үндес келген бұл арқа — Қоскөлдің келбетін айшықтап қана қоймай, өткен мен бүгіннің арасын жалғайтын белгі іспетті.

Досан ДҰЛЫҒАЛЫ.



Кедергісіз қоғам

Ізгілікке ұйыған игі шара

Ұлытау ауданында мүгедектігі бар азаматтарға арналған ерекше қамқорлық шарасы өтті. Бұл игілікті іс-шара аудан әкімдігінің бастамасымен және ауданның Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік мемлекеттік тапсырысы аясында, «Жауыртау жұртына» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілді.

Адамгершілік пен мейірімге толы бұл басқосу аудандық мәдениет үйінде өтті. Шараның шымылдығын аудан әкімінің орынбасары Алмат Сакипов ашып, қатысушыларды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ол өз сөзінде қоғамдағы ерекше жандарға деген қамқорлық — өркениетті елдің ең басты көрсет-

кіштерінің бірі екенін атап өтті.

– Біздің мақсатымыз – мүмкіндігі шектеулі азаматтарымыздың қоғам өміріне белсене араласуына мүмкіндік жасау. Олардың бойындағы талант пен қайсарлық бәрімізге үлгі, – деді Алмат Қайратұлы өз сөзінде.

Мерекелік шара барысында ауданның әлеуметтік өміріне

белсене араласып жүрген бірқатар азаматтар аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Кештің көркін аудан өнерпаздарының ән мен күйге, би мен көрініске толы концерттік бағдарламасы аша түсті. Әсем ән мен әсерлі билер залды шаттыққа бөлеп, ерекше жандардың жүздеріне қуаныш ұялатты.

Шара соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, өздеріне көрсетілген құрмет пен қамқорлыққа ризашылықтарын білдірді.

Бұл игі дәстүр — Ұлытау ауданында ерекше жандарға қолдау көрсету мен қоғамдағы



бірлікті нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстың бір көрінісі. Мұндай іс-шаралар арқылы мүгедектігі бар азаматтар қоғам-

нан шет қалмай, өз әлеуетін танытып, толыққанды өмір сүруге мүмкіндік алып келеді.

Аманкелді АҚШАЛ.

Мәртебесі биік мереке

2022 жылдан бастап 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке ретінде қайта белгіленді. 1990 жылы осы күні Егемендік туралы Декларация қабылданып, Қазақстанның тәуелсіздікке алғашқы қадамы жасалынды. Дегенмен, елім деп еңіреп, жұртым деп жамырап, жан қиған қазағымыз ежелден еркіндік аңсаған. Сондықтан қазірге дейін Қазақстан көптеген қиындық жолдардан өтті деуге болады, себебі өзінің егемендігін, тәуелсіздігін жариялау үшін қаншама қаракөз апаларымыз, қаншама бозбала ағаларымыз кеудесін оққа тосты, жан кешті. Бүгінгі еліміздің егемендігі оңайлықпен келген жоқ.



Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың ерен еңбегінің нәтижесі болғанын әрдайым есте ұстаған жөн. Олардың ұрпақтары ретінде біздің алдымызда Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін сақтау мен нығайтудың жоғары мақсаты тұр.

Республика күні – еліміздің басты ұлттық мерекесі. Биыл біз оны осы мәртебеде үшінші мәрте атап өтіп отырмыз. Республика күні – халықтың бірлігі күні деп сеніммен айтуға болады. Бұл күні Қазақстанның туы егемендік пен тәуелсіздікке ұмтылған Қазақстан халқының бірлігін бейнелейтін бүкіл елді сипаттайды. Республика күні тарихи дамудың жаңа кезеңінде бүкіл халықты біріктіретін мереке болуға арналған.

Ақнұр ДОМБАЕВА,
Ұлытау аудандық сотының сот
өкімшісінің басшысы.

Қазір Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Республика күні – бұл күнді сан ғасырлар бойы бабаларымыз аңсап, найзаның ұшымен, білектің күшімен тәуелсіздікке қол жеткізді.

Республика күні – нағыз қазақтың кеудесі қуанышқа толы, халықтың думанда-тып тойлайтын, мерекелік көңіл-күй ор-

найтын, сыйлайтын айтулы күні.

Тарихымыз шежіреге толы, байлығымыз жер астында, қазақтың байтақ даласын да Менделеев кестесінің 99 элементтері орналасқан. Ауыз толтырып айтатындай, біздің байлығымызға бүгінде бүкіл әлем қызығады әрі көз тігеді. Қазір жерімізде ынтымағы жарасқан өзге ұлт өкілдері тұрады. Дүниежүзі елдерімен достығымыз жарасқан, бірлігіміз біте қайнасқан. Құшағымыз қай кезде де айқара ашық, шекара сыртында шетел асып

жүрген өз қандастарымызды да сыртқа теппей, бәрін де жылы қарсы аламыз. Қазақтың кең байтақ жері – қандай кең болса, көңілі де – дархан даланың кеңдігіндей! Өзге елдің озық тұсымыз да осы болып тұр.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып алға шыққаннан кейін, өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бекітілді. Осы қасиетті рәміздердің мәнін, Республика мерекесін бүгінгі және болашақ ұрпақ жіті түсініп, бағалай білуі қажет.

Еліміздің елдігін дәріптеген шара

Ұлытау аудандық балалар кітапханасында Республика күніне орай «Отаным менің – Қазақстан» атты тәрбиелік мәндегі іс-шара өтті.



Шараның мақсаты – жас ұрпақтың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін насихаттау және оқушылар бойына патриоттық рух қалыптастыру болды. Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалуымен басталды.

Іс-шара барысында оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып, патриоттық әндер шырқады. Сонымен қатар, еліміздің тарихына байланысты танымдық сұрақтар қойылып, оқушылар өз ойларынан тақы-

рыпқа сәйкес, суреттер салып, шығармашылық қабілеттерін танытты. Оларға мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы Айнұр Мейрамбекқызы жүреу жарды тілегін айтып, жеткіншектердің белсенділігіне ризашылығын білдірді. Бұл іс-шара жас буынды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулып, отансүйгіштік қасиеттерін нығайтуға зор үлес қосты.

Гүлзира ӘБДІКАРОВА,
Ұлытау аудандық балалар
кітапханасының кітапханашысы.

Қоғам

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда.

Қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді

Бұл ретте, мемлекеттік қызметтер көрсету саласында сапаны арттыру мен оның қолжетімділігін қамтамасыз ету – уақыт талабы. Азаматтарға көрсетілетін қызметтің тиімділігі мен ашықтығы қоғамның мемлекетке деген сенімін арттырып, ел дамуының маңызды тетігіне айналып отыр.

Осы бағытта Департамент тарапынан денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтердің сапасына бақылау шаралары жүргізілу нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларына қосымшаның 2-тармағына сәйкес, «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – электронды үкіметтің порталы арқылы жүгінген кезде – 1(бір) жұмыс күнін құрайды.

Алайда, Жәйрем кентінің ауруханасымен 118-өтініш бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жұмысы

қызмет алушыларға ұсынылмағандығы анықталды.

Сонымен қатар, дәл осындай бұзушылық Сәтбаев қаласының ауруханасында – 1, Жезқазған қаласының емханасында – 1, Ұлытау ауданының ауруханасында – 1 өтініш бойынша орын алған.

Департаменттің жедел ден қою шаралары нәтижесінде, 121 қызмет алушының бұзылған құқықтары толықтай қалпына келтірілді.

Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1 ғимаратындағы № 711 кабинетке немесе «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүгінуге болатындығын назарларыңызға саламыз. (байланыс телефоны – 8/7102/733270).

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Ұлытау облысы бойынша
департаменті.

Тарих толқынында



Ұлытау — түркі текті халықтардың тарихи әрі саяси орталығы

Темірдің жорықтары туралы Шереф-ад-дин Йездидің «Зафарнамесінде» де баяндалады. Жошы ұлысының тарихына қатысты материалдар жинағын дайындаушылардың түсініктемесінде Шереф-ад-дин Йезди өзінің шығармасында Низам-ад-дин Шамидің «Зафар-наме» еңбегін пайдаланғандығы айтылады. Екі шығарманың мәтіндері бір-бірімен ұқсас екені, еңбекті оқыған адамға белгілі.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне екінші рет келуі Дешті-Қыпшаққа жорығымен байланысты. Низам-ад-дин Шамидің «Зафар-намесінде» Әмір Темірдің 1391 жылы Қара-Саман деген жерден Дешті Қыпшаққа жорығын бастағаны жазылған. Осы деректе Темірдің Ұлытау жерінен жүріп өткен маршруты келесідей сипатталады: «Пройдя Карачук, шли еще 15 дней. От безводья много лошадей погибло. 1 числа джумади прибыли в местность Сарыг-узен и воды стало много. Пробыв несколько дней, они искали переправу и перешли через речку». Әмір Темір бұл жорығының бастапқы кезінде алғашқы келген маршрутымен жүрген болса керек. Сондықтан Низам-ад-дин ШамиТемірәскерінің Ұлытау өңіріне жеткенге дейінгі жолын атамайды: «21 войска прибыли Кичик-даг, выступили оттуда и через две ночи, в пятницу, достигли Улуг-дага. Тимур взошел на вершину горы, осмотрел (местность), (эта была) степь и в степи — пустыня. Он остановился там на тот день и приказал, чтобы все воины принесли камни и построили там высокий знак. Каменотесам он приказал изобразить на нем высочайшее имя и дату этих дней, дабы на лице оставалось воспоминание об этом походе». Бұлжердеайтылатын Кичик-даг пен Улуг-дағқазіргікездегіКішітау мен Ұлытау таулары екені анық.

Әмір Темірдің «жорықты тарихта қалдыру» мақсатындағы тасқа қашатқан жазуы Ұлытау өңірінде, қазіргі Сарлық ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан Алтыншоқы деген жерде өткен ғасырдың 30-шы жылдарына дейін сақталып тұрды. 1935 жылы ол тасты академик Қ.И.Сәтбаев тауып, өзінің «Жезқазған ауданындағы тарихқа дейінгі ескерткіштер» мақаласында жариялайды: «В 30 км на запад от Улутау, на вершине горы Алтынчоку, возвышающейся над богатыми пастбищами долины рек Сорелы и Джетыкыз, имеются развалины какого-то древнего сооружения, сложенного из кирпича и красивых амфиболитовых плит с ошлагованными и глазурованными поверхностями. Рядом с развалинами несколько

ниже по склону горы, установлена каменная плита из тех же темных амфиболитов, на которой красивым арабским шрифтом высечены на камне 10 строк письма на арабском языке».Бұл тастағы жазудың Темірдің Дешті-Қыпшаққа жорығының айғағы екенін жаза отырып, тасқа Ленинград Эрмитажының директоры академик Орбели қызығушылық танытқанын, 1936 жылы Эрмитаждың ғылыми қызметкері Морозов келіп, тасты Ленинградқа алып кеткенін жазады.

Темірдің Дешті-Қыпшаққа жорығына қайтып оралатын болсақ, Ұлытау тауларынан кейін, ол осы өңірді тастап, жорығын жалғастырады: «Выступив оттуда и охотясь, они достигли местности Иланчук и отстановились (там). Перейдя через реку Иланчук, через 8 дней они прибыли в местность Анакаркую». Осыдан кейін Әмір Темір әскерлерімен Ұлытау өңірінің жерінен шықты.

Едіге бидің тұлғасы батыс (орыс) және шығыс деректерінде өте жағымсыз жағынан баяндалады. Араб тарихшысы ибн-Арабшах қана Едіге мырзаның бейнесі мен істерін екі жақты қарастырған.

Қазақтың ойшыл ғалымы Қадырғали Жалайыр Едігенің шығу тегін былай баяндайды: «Әуелгі бабасы Әмір әл Момын Әбу Бәкір әл Садық Рази Алланың төрт ұлы бар еді. Екеуінен кішісі — ұлысы, оның аты Мұхаммед еді. Оның ұлы Сұлтан Каиб, оның ұлы Сұлтан Хамид. Оның ұлы Сұлтан Халид, оның ұлы Сұлтан Қайдар. Оның ұлы Сұлтан Маулид, оның ұлы Әбул-фана, оның ұлы Сұлтан Сәлім. Оның ұлы Сұлтан Садық, оның ұлы Сұлтан Әбу-л-хақ. Оның ұлы Сұлтан (Осман еді). Оның ұлы Жалаладдин. Оның екі ұлы бар еді, бірінің аты — Адхам және бірінің аты Баба Туклас еді. Баба Тукластың белгілі үш ұлы бар еді. Бірінің аты Аббас, бірінің аты Абдрахман Хожа. Үшінші ұлының есімі Тырма атты еді. Бұл Тырма Еділ-Жайықта (Хасил) қаза болды. Оныңұлы Карачи атты еді. Ол да Еділ-Жайықтақазаболды. Оныңұлы Ислам Қия, ол да Еділ-Жайықтақазаболды. Оныңұлы ҚұтлуҚия, Құмкентте қаза болды. Оның ұлы Едіге би (Алла оған рақым етсін). Құтлу Қияны Урус хан шаһидқылды».

Ибн-Арабшах Едігенің бет-бейнесін: «Ол қоңырқай өңді, орта бойлы, толық денелі, жаужүрек, түрі қорқынышты, өте ақылды, көреген және тапқыр адам еді», — деп сипаттайды. Жалпы, ибн-Арабшах Едігенің өміріне байланысты көп мәліметтер келтіреді. Тарихи аренада Едіге Тоқта-

мыспен қатар пайда болғаны белгілі. Низам-ад-дин Шами мәліметтері бойынша, ол уақытта Темір Бұқара маңында болған, ал Тоқтамыс хижраның 778 жылы (1376–1377 жж.) Орыс ханның баласы Тоқтақиядан жеңіліске ұшырап қашқанда, Темірдің ордасына Орыс ханнан қашып Жошы ұлысының әмірі Едіге келіп, оның Тоқтамысқа қарсы үлкен әскермен аттанғаны туралы хабарды әкеледі. Кейіннен 1391 жылға дейін Едіге Ақсақ Темірге қызмет етіп, Тоқтамысқа қарсы күресінде көмектеседі. Шереф ад-дин Йезди Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы Дешті-Қыпшаққа жорығында Темір Құтылық оғлан, Күнше оғлан және Едіге жол бастаушы (қылауыз) қызметін атқарғандарын жазады. Шереф ад-дин Йезди жазбасындағы бір қызық мәлімет, Темір әскерлері Сарысу өзенінен өткен кезде «Едігенің екі нөкері түнделетіп Тоқтамысқа қашты, Темірдің жіберген қуғыншылары оларға жете алмады» деп жазады. Бұл мәліметке қарағанда, Едіге қаншалықты Темірдің жақтасы болса да, түпкі ой-мақсаты өз мемлекет жағдайы болғанға ұқсайды. Тоқтамыс жеңіліске ұшырағаннан кейін Едіге Темір-Құтылық және Күнше оғландармен бірге туған жерге оралады. Бұлтуралы Низам-ад-дин Шами былай деп жазады: «Дело обстоит так, что Кунче-оглан, Тимур-Кутлуг и Идигу, которые были старинными врагами Токтамыш хана, пришли искать убежища у Тимура. Он встретил их с почетом, оказал им всяческую ласку и милость и пожаловал им драгоценные камни, золото, шапки и пояса. (Теперь) преклонив колена, они просили: «Если выйдет высочайшее указание, мы пойдем по своим домам, подготовим их для переселения и придем к его величеству». Тимур согласился на их просьбу и приказал, чтобы никто не трогал их домов и иля; он поставил условие, чтобы они вскорости пришли с семьями и родными и были бы обнадежены еще большими милостями. С этим условием и обязательством они ушли. Однако, как только они прибыли свои дома, то сделали своим лозунгом неверность, стали забывать обещанное и не соблюли своего слова. Тимур-Кутлуг-оглан сел на царство». Бұдан Едіге мен ТемірҚұтылық Әмір Темірдің мүмкіндігін пайдаланып Жошы ұлысын біршама болса да қалпына келтіруге бар күштерін салғандығын анық көруге болады. Едіге «Алтын ұрық» ұрпағы болмағандықтан, хан болуға құқығы жоқ екенін біліп, Орыс ханның немересі Темір-Құтылық оғланды хан көтеріп, Алтын Ордадабилікқұрады. 1397–1398 жж. Темір-Құтылықтың Жарлығы бойынша Жошы ұлысының барлық әскерінің басшысы беклербек болып жарияланады. Темір-Құтылықтың хан болуымен, нақтыЕдігенің билік құруы кезеңінде Алтын Орда аз уақытқаболса да қайтадан күшейеді. Тіпті, ӘмірТемір қайтыс болғаннан кейін, 1406 жылы Хорезмді өздеріне қаратып алады. Он бес жылға жуық Жошы ұлысында билік құрған Едігеге 1410–1411 жылдары шамасында Тоқтамыстың Жәлел-ад-дин бастаған балалары және өзі таққа отырғызған Темір хан қарсышығып, Хорезмге қашуға мәжбүрлейді. Тек Жәлел-ад-дин мен Темір хан арасындағы қақтығыс Едігенің күйреуін аяқсыз қалдырады. Темірханның қоластындағы

Ғазан деген әскер басы сатқындық жасап оны өлтіріп, Жәлел-ад-дин жағына шығып кетеді. Едігені құртуға келген Жәлел-ад-диннің әскері жеңіліске ұшырап, Едіге Хорезмде билік құрады.

Едігенің өліміне байланысты мәліметтер ортағасырлық араб авторлары әл-Айни мен ибн-Арабшах жазбаларында сақталған. Мысырлық тарихшы, Едігенің замандасы әл-Айнидің жазуы бойынша, 1419 жылы Едіге Тоқтамыстың балаларының бірі Қадірбердімен шайқасады: «У Токтамышхана был сын по имени Кадірберди, который постоянно воевал с Идики (Едіге. — Қ.Ә.) из-за царства. В этом, т.е. 822, году Кадирберди (снова) пошел на Идики; а Идики (со своей стороны) выступил против него. Встретились они, и произошли между ними бой великий и сражение ожесто-ченное». Осы шайқас барысында Қадірберді қаза тауып, Едіге ауыр жараланады. Бұл туралы әл-Айнидің жазбасында «Кадирберди (сам) был убит во время схватки, и соратники его бежали. Идики также был поражен множеством ран, и войска его также обратились в бегство» деп айтылады. Едіге Қадірберді жеңіске жетті екен деп қашады: «Идики бежал, предполагая что Кадирберди победил. Покрытый ранами, он прибыл в одно (отдаленное место)». Әл-Айнидіңайтып отырғаны «калысжері» Ұлытау таулары болуы керек, себебі Едігенің жерленген жері Едіге деп аталатын тауда орналасқан. Әл-Айнидіңжазуы бойынша, Едіге 1419–1420 жж. қаза тапқан. Ал, Б.Д.Грековжәне Ю.А.Якубовскийдің зерттеуінде Едігенің 1419 жылы тірі болғандығы туралы польша тарихшысы Ян Длугоштың мәліметтері келтіріледі. Онда Едігенің Польша королі Витовтқа елшілік жібергені айтылған екен. Олар шайқастың Сарайшық қаласының тұсында болуы мүмкін екендігін атап өтеді. Қ.Жалайыр «бұл Едіге би алпыс үш жасында опат болды» деп жазады.

Ұлытау тауларының бір сілемі Едіге тауы. Оның басында Едігенің тастан қаланған бейіті бар екені ертеден белгілі. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп шежіресінде мынандай аңыз бар: «Ер Едігенің өзі тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Өзі өлерінде Ұлытаудың басында отырып, Кейкуаттың сөзінен құса болып жарылып өлген екен. Сонда өлерінде айтқан екен: «Мені бұл жерге жер қазып көмбеңдер, қорған тас қалап қойыңдар, Нұралы жер үстінде бар болса, «Ат айналып қазығын, диірмен айналып шүмегін табар», — дегендей бір табар. Сонда мені Қаратаудың бауырында Қарақалпақ атасы Созақтың қара обасының қасында Бабай түкті Шашты Өзіз атам бар, соның қасына апарып қойсын деген өсиетімен денесін сонда апарып қойған екен. Ұлытаудағы аманат қойған екен. Ұлытаудағы аманат қойған жайын «Ақ мешіт әулие» деп атап кетіпті. деуі, ойды сан-саққа жүгіртері анық.

XV ғасырдың орта тұсында құрылған Қазақ хандығының саяси тарихында Ұлытау жері мемлекеттердің тағдыры шешілген ірі қақтығыстардың орталығы һәм куәгері болған еді. Сондай оқиғаның бірегейі Ұлытау шайқасы.

Қабдол ӘУЕЗОВ,
«Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің иегері, тарихшы-археолог.
(Жалғасы келесі санда)

Сайлау – 2026

Жезді кентінің әкімі лауазымына үміткер
Жұмабек Мұратбек Досымбекұлының өмірбаяны

19 шілде 1978 жылы Жезқазған облысы, Жезді ауданы, Жезді кентінде туған.

1995 жылы № 6 Жезді орта мектебін бітірген.

1995 жылы Жезқазған педогогикалық институтына түсіп, 1999 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетін орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы:

1999-2003 жылдар аралығында мұғалім,

2003-2005 жылдары Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы,

2005-2007 жылдары Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімінің бас маманы,

2007-2021 жылдары Жезді кенті әкімі аппаратының бас маманы,

2021 жылдан бері Жезді кентінің әкімі.

Отбасылы, балалары бар.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жезді кентінің экономикалық дамуына жұмыстар жүргізу (республикалық, облыстық, аудандық бюджеттерден қаражат бөлдіру, инвестиция тарту және жеке кәсіпкер иелерімен меморандум жасау);

Жезді кентінің білім-беру, мәдениет, аурухана және т.б мекемелерінің проблемалы мәселелерін үнемі назардан қалдырмау;

Шағын және орта бизнесті қолдау. Қызмет көрсету саласын дамыту;

Әлеуметтік «әлжуаз» топтардың мүдделерін қорғауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, оларға қолдау көрсету;

Жездінің инженерлік жүйелеріне жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру (тоқ, ауыз су, көріз);

Тұрғындардың құқығын қорғау, сыбай-



лас жемқорлықпен күресу.

Жас мамандарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асыру арқылы кентке қажетті маман иелерін тарту;

Жаңадан жұмыс орындарын ашу, мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасының мүмкіндіктерін жүзеге асыру.

Жезді кентін көгалдандыру, абаттандыру мәселесін шешу;

Кенттің санитарлық жағдайын үнемі назарда ұстау. Экологиялық мәселелерге көңіл бөлу. Қоршаған ортаның ластанбауын қадағалау.

Құрметті сайлаушылар!

Менің алдыма қойған мақсатымды орындауға дана халқымыздың: «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деген даналы сөзі жетелейді. Намысты қолдан бермей, аянбай қызмет етуге дайынмын.

балалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау;

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Шаруаларға қолдау:

Шағын және орта фермерлерге арналған жеңілдетілген несие мен субсидия алуға көмектесу;

Мал азығын дайындау мен жем-шөп қорын ұйымдастыру;

Біріккен шаруашылықтарды қолдау арқылы өнімнің сапасын және нарыққа шығу мүмкіндігін арттыру;

БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ, МЕДИЦИНА
ЖӘНЕ СПОРТ

Мектеп пен балабақша:

Оқу ордаларын материалдық-техникалық жағынан жаңарту;

Жас мұғалімдерге қолдау көрсету;

Мәдениет пен спорт:

Ауылдық клуб пен кітапхананы жаңғырту;

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру;

Жастар мен балаларға арналған спорт секцияларын дамыту;

Ұлттық дәстүрлер мен мәдени шараларды тұрақты өткізу;

ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӘНЕ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жұмыс орындары:

Ауылда жаңа жұмыс орындарын ашуға жағдай жасау (шағын бизнес, сервистік орталықтар, кооперативтер);

Кәсіпкерлікке үйрету және стартап жобаларды қолдау;

Жастарды қолдау:

"Жастар тәжірибесі" және "Бастау бизнес" бағдарламаларына қатысуды арттыру;

*«Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну;

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ

Қоршаған ортаны қорғау:

Ауыл айналасын көгалдандыру және сенбіліктер ұйымдастыру;

Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мен шығару жүйесін жолға қою;

Өзен-көлдерді тазалау және су көздерін қорғау;

АШЫҚ ӘКІМДІК ПРИНЦИПІ

Халықпен байланыс:

Әр айдың бірінші аптасында тұрғындармен ашық қабылдау өткізу;

Барлық шешімдерді ашық, қоғамдық талқылау арқылы қабылдау; Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы көрі байланыс жүйесін енгізу;

ҚОРЫТЫНДЫ:

Менің басты мақсатым — Қаракеңгір ауылдық округін тіршілігі тұрақты, инфрақұрылымы дамыған ауылға айналдыру. Басты жұмысым – Қаракеңгір ауылын дамытуды қолға аламын.

Ұлытау аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының үміткерлерді тіркеу қорытындысы туралы
ХАБАРЛАМАСЫ

Ұлытау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ұлытау ауданының Жезді кенті мен Қаракеңгір ауылдық округтері әкімдеріне төмендегі үміткерлер тіркелгендігі жөнінде хабарлайды:

Жезді кенті

р/н	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны мен мекен-жайы
1	Жұмабек Мұратбек Досымбекұлы	1978	Әкім, «Ұлытау ауданының Жезді кенті әкімінің аппараты» ММ-сі. Ұлытау ауданы, Жезді кенті «AMANAT» партиясы ҚБ
2	Қалыбек Данияр Әбілешімұлы	1997	Бас маман, «Ұлытау ауданының Сарысу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ -сі. Ұлытау ауданы, Жыланды ауылы. Өзін-өзі ұсынушы
3	Ранова Фариза Кенжетайқызы	1991	Бас маман, «Ұлытау ауданының Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі. Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылы. Өзін-өзі ұсынушы

Қаракеңгір ауылдық округі

р/н	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны мен мекен-жайы
1	Сабыр Баубек Жакудаұлы	1993	Қаржы -шаруашылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы, «Ұлытау ауданының әкімінің аппараты» ММ-сі. Ұлытау ауданы, Бозтұмсық селосы «AMANAT» партиясы ҚБ
2	Такеева Айнагул Абдрахмановна	1985	Бас маман, «Ұлытау ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі. Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылы Өзін-өзі ұсынушы

Сонымен қатар, Ұлытау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ұлытау ауданы Жезді кенті мен Қаракеңгір ауылдық округінің сайлаушыларына 2025 жылдың 09 қарашасында Ұлытау ауданы Жезді кенті Қаракеңгір ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтетінін еске салады.

Ұлытау аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Ұлытау ауданы Жезді кенті мен Қаракеңгір ауылдық округі әкімдеріне
кандидаттардың үгіт-насихат, баспа материалдарын
орналастыруға арналған орындар

№	Елді мекен атауы	Орындардың мекен-жайы	Ақпарат тақтасының түрі
	Жезді кенті	Құттыбаев- Иманжанов көшелерінің қиылысы	Ақпарат тақтасы
	Қаракеңгір ауылы	Орталық көшесі – 1	Ақпарат тақтасы

Дін – діңгек



Жастар – қоғамның қозғаушы күші

Жастар – қашанда қоғамның қозғаушы күші. Болашағын бағамдайтын мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді. Білім мен ғылымның салтанат құруы Отанның еңсесін ешкімге бастырмауға сеп болатынын бүгінгі заман дәлелдеп отыр.

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Дейтұрғанмен, қазіргі таңда еліміздегі кейбір жастарымыздың теріс діни ағымға еріп, саналарының көз алдымызда улануы ойландыратын мәселе болып отыр. Шетін көзқарасты діни ағымдардың кейбір жастардың білім мен ғылымға деген ынтасын жойып, өзге мәдениет пен теріс құндылықтарды насихаттап, жастар арасында жанжал тудыру жағдаяттары орын алып келеді.

Өркениетінің алыстығы теріс жолға түскен жастарымызды ортаға сіңімділігін төмендетіп, өз алдына орта қалыптастыруға алып келетіні сөзсіз. Сонымен қатар, ол орталарда қосалқы мәдениет қалыптастыратынын да жоққа шығара алмаймыз. Бұл жерде діннің атын жамылған ағымдардың діни-психологиялық және әлеуметтік тартымдылығы өз алдына бөлек мәселе. Психология саласының мамандары адам баласының құбылыс екендігі, кез келген ортада психологиялық әрі әлеуметтік мәжбүрлікпен болған жағдайда, сол ортаның жалған идеяларына сіңісіп, ол идеяларды өте келе ақиқаттай көретінін алға тартады. Жастардың қай замандарда болмасын, әрқашан қоғамда үлкен әлеуметтік күшке ие болғанын байқаймыз. Олар әрдайым қоғамның ең белсенді мүшесі әрі жұмыс күші болып табылған. Оның үстіне бүгінгі жастың ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын басшы боларын ескерсек, олардың қоғам үшін маңызы арта түседі. Сондай-ақ жастарда үлкен, әрі жүзеге асырылмаған қуаты мен мүмкіндіктері де бар екенін ұмытпауымыз қажет. Ал, бірақ басқа қырынан қарасақ, салыстырмалы түрде жастар қоғамда әлеуметтік жағынан ең аз қамтылған топқа жатады. Яғни, басында баспанасы мен жұмысы жоқтар, білім алуға да мүмкіндігі аз категориялары бар.

Сондай-ақ әлі өмірлік тәжірибесі қалыптаса қоймаған және сезімге ерік беретін жастар,

көбінесе өзіне ұнаған кез келген бір идеяның соңынан өруге дайын тұрады. Мұнан көріп тұрғанымыздай, жастар – қоғамның ең күшті әрі ең осал тұсы. Көптеген қоғамға таңсық, оның тыныштығын бұзатын идеялар жастар арқылы таралатыны тарихтан белгілі.

Бүгінгі күні діншілдік, діни мәдениеттің қалыптасу қарқынынан озып кеткенін байқаймыз. Бұл өз кезегінде радикалды идеологияның қалыптасуына ықпал етеді. Ал радикалданудың салдары жақсылыққа апармайды. Сондықтан діндарлықтың тым жылдам өсуі қауіп-қатерлер әлеуетін арттыруы мүмкін. Дін саласындағы өкілетті мекемелер мен сарапшылардың пайымдауы бойынша сарапталған мәселелер жастардың теріс діни ағымдарға аралуына негіз болатын факторлардың өзектілері болмақ.

Ал, мемлекет бұл тұрғыда қандай шараларды уақытында қолға алып, алдын алу шараларын жасамақ деген мәселеге оралсақ. Бұл тұрғыда тәуелсіз сарапшылар тарапынан мемлекет себебімен емес, салдарымен ғана күресуде деген сыңар езу мәселелерді айтуға. Алайда, мемлекет тарапынан бұл бағытта арнайы министрлік құрып, ол министрлікке жастар саясатын бағындыруының маңызы бар. Өйткені дін – санаға әсер ететін күш. Ал сана жастардың өмірлік ұстанымдарын қалыптастырып, ынта мен құш-жігерлерін арттырушы. Сана-лық негіз қалай қалыптасса, үйдің іргетасы секілді жастарда солай қарай бой түземек.

Бұл туралы данышпан Абай атамыз: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде. Тәрбие ата-анасы, ұстазы, ортасы арқылы қалыптасады. Жас өсе келе қай ортаны жақсы көрсе, сол ортаның ықпалы жастардың санасына көп ықпал етеді», – деген болатын қара сөзінде.

Тәрбиедегі қамқорлық – маңызды құбылыс. Сонымен қатар, көппен бірге адаспай, жалғыз жүріп жол тауып, сол дұрыс жол арқылы көпті тәрбиелеудің маңыздылығының жоғары екенін ұққандаймыз.

Аудандық ішкі саясат бөлімі

Дала даналығы

Нақыл – сөздің мәйегі

Ақылдың әміріне көнген қиын-дықтың құрсауына түспейді.

Жүрекке қонбаған мейірімді көңілге кіріп таба алмайсың.

Өтіріктің тұтқыны болғанша, шындықтың сарбазы бол.

Сабырғасүйеніп, ақылға аялдағанға жамандық жоламайды.

Үміттен үрейленген күдікпен күн кешеді.

Өсиеттерсең – өсесің, өсектерсең – өшесің.

Жүрекке иман ұяласа, көңілден мұң қашады.

Қисық мінездіні қырсық айналдырады.

Қанмен тараған мінезді қара сөзбен өзгерте алмайсың.

Тас жүрегін тазаламаған өз өмірін батпаққа батырады.

Өзгеше өмір сүрем десең, өзіңше өмір сүр, Өзгелер сені өзгертпейді.

Ақыл қорғайды, ашу қинайды.

Жалақорлық жақыныңнан айырады, Ызақорлық ақылыңнан айырады.

Мейірімділіктің мекені – ұят ұялаған жүректе.

Біреуге бағынышты болғаның – өзінді өзін бағындыра алмағаның.

Сені бағалайтын адам сыйлап келеді, алалайтын адам сынап келеді.

Көздің көргенін көңілден жасыру мүмкін емес, көңілдің кілті көзде жасырылған.

Уақыт – күткенде, үміт өшкенде қадірлі.

Ой жылдамдығы ақылда болса, сананың бүлінуі азаяр еді.

Жақсы мінез, көркем тіл жан жағыңа жақындатады.

Тән сұлулығына жасандылық жарасып тұрғанымен, жан сұлу-

лығы жасырынып қалады.

Сөзі түзу адам – тіл тапқыш, сөзі қисық адам –мін тапқыш.

Сарқылмас ақыл – сабырлы жүректе.

Жығылғанға күлгеннің жылағанға да жаны ашымайды.

Келісу керіскеннен сақтайды, кеңесу келешекке бастайды.

Көркем мінезден көңіл сарайының кеңдігі көрінеді.

Ақылдыдан асыл сөз, ақылсыздан артық сөз шығады.

Жаман адам ашуымен азады, жақсы адам ақылымен озады.

Жүрегіңді жақсы сөздермен суарып тұр – жүректі жүдетпейді.

Өткеннен сабақ алмаған өкініштің отына күйеді.

Жағымсыз мінез бен жалтақтықты жасыра алмайсың, Сыртыңнан сыр беретін сипатың ішіңе де сыймайды.

Тәкаппарлық тар кеуденді жайласа, тасжүрегіңді ешкім де жылыта алмайды.

Ақыл да ақша сияқты, жинасаң –жаратасың, жоқболса –қиналасың.

Тәкаппарлықтың «түрмесіне» түспеу үшін, адамгершіліктің қазынасын жинай біл!

Ашуды жеңген сабырақылдың тұғырына мінгізеді.

Құрметтің құзырына сыйластық ең сіңісіп, адалдықпен араласып қана өтесің.

Арғымақ – тізгінге, ақымақ тіліне бағынады.

Сабырдың сусынын, шүкірдің шырынын ішіп, қанағаттың қазанынан тамақтан. Өмірдің сарқылмайтын азығы – осылар.

Арманыңды сеніміңмен сергілт, Қиялыңды мақсатыңа міндетте! Жетістіктің жолына түсіп, жеңіске жетесің.

Жанат БАЙСАЛБЕКОВ.

Қоғам.Адам.Заң

Медиацация институты қазаққа жат емес. Жалпы медиацацияны көп жағдайда Алаш жұртында орын алған ежелгі билер сотымен салыстырып жатады. Оған себеп - медиацация бітімгершілік пен ымыраластыққа бағытталған. Заңның жалпы сипаты мен тұжырымдамасы баяғы қазақтың ықылым заманнан қолданып келе жатқан билер сотының үлгісі іспеттес.

Тарихтан белгілі, қазақ халқы «Медиацация туралы» Заңмен белгіленген қағидаттар мен ережелерді ерте заманнан қолданып келген. Бір кездегі қазақтың билер сотының қазіргі сот жүйесінен ерекшелігі - ондай билерді ешкім сайламаған да, тағайындамаған. Бұқара халық өзі мойындап, әділдікті ту еткендердің алдына жығылып отырған. Екіншіден, қазақ билері әділ төрелік жасағанда, ең алдымен кеткен шығынды қалпына келтіру мәселесін қаперде ұстанатын. Бұл да - бүгінгі біздің қоғамның сұранып

Медиацация – бітімгершілік жолы



тұрған өзекті мәселесі, медиацацияның негізі де осы.

Бітімгершілікті кәсіпқой медиатор немесе қоғамдық медиатор жасай алады. Заңда атап көрсетілгеніндей, медиаторлықты таңдаған адам кәсіби және кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, Қазақстан Республикасы Медиаторлар одағында арнайы оқу курсынан өткен тұлға медиатор

бола алады. Ал, кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиіс. Бірақ, заң саласының маманы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді.

не қылмыстық қудалау органына хабарлауға міндетті.

Медиацация қағидаттарына сәйкес, медиатордың өз функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, медиатор дереу өздігінен бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Егер медиатордың пікірі бойынша медиацацияны жүргізу процесіндегі одан арғы күш-жігер тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) шеше алмайтын болса, медиатор оны жүргізуден бас тартуға не тараптардың жазбаша нысанда бекітілген келісімімен медиацацияны тоқтатуға құқылы.

Медиацация - бұл жаңа бірлесіп әзірленген ереже бойынша өмір сүрудің бастамасы. Сондықтан, бүгінгі таңда медиацация мұраны бөлу кезінде, көршілер арасындағы келіспеушілікті шешуде, экономикалық және еңбек талас-тартыстары кезінде, қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен байланысты дауларды шешуде, кінәлі мен зардап шегушінің арасындағы бітімгерлік келісімдер кезінде пайдалану тиімді болмақ.

Ақнұр ДОМБАЕВА,
Ұлытау аудандық сотының
сот әкімшісінің басшысы.

Қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – жастар мен ересектер арасында кең тараған зиянды әдеттердің, соның ішінде темекі шегу, ішімдік ішу және есірткі қолдану секілді әрекеттердің көбеюі. Бұл құбылыс жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың денсаулығына, руханы дамуына және болашағына зор қауіп төндіреді.

Темекі шегу-ұят әрі зиянды әдеттердің бірі болып табылады. Ол адам өміріне тікелей қауіп төндіріп қана қоймай, қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына да кері әсерін тигізеді. Мемлекет деңгейінде бұл мәселеге ерекше назар аударылып, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Темекі шегудің адам денсаулығына тигізетін зияны. Темекінің құрамында 4000-нан астам химиялық зат бар, олардың ішінде 40-тан астамы канцерогенді, яғни қатерлі ісік тудыратын элементтер. Темекі түтінінің құрамындағы никотин, көміртек тотығы және шайыр сияқты заттар адамның тыныс алу жүйесіне, жүрек-қан тамырларына, жүйке жүйесіне және ас қорыту мүшелеріне айтарлықтай зиян келтіреді.

Дәрігерлердің деректеріне сүйенсек, темекі шегушілер арасында өкпе рагы, созылмалы бронхит, жүрек аурулары мен инсульттің кездесуі бірнеше есе жиі.

Сонымен қатар, пассивті шегушілер-яғни темекі түтінін еріксіз жұтатын адамдар да осы қауіптің астында қалады. Бұл-отбасылық және қоғамдық ортадағы үлкен проблема.

Темекі шегу мен өзге де зиянды әдеттер тек медициналық емес, әлеуметтік мәселе болып табылады. Көптеген адамдар бұл әдеттер-

Ұят әдет



ге бейсаналы түрде, яғни қоршаған орта мен қоғамның ықпалымен үйреніп кетеді. Әсіресе, жасөспірімдер мен жастар арасында бұл үрдіс алаңдататын деңгейге жетіп отыр.

Зиянды әдетке тәуелділік адамның еңбек қабілетін төмендетіп, оқу үлгеріміне, мінез-құлқына және әлеуметтік ортадағы беделіне кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, мұндай әдеттер отбасылық қарым-қатынасқа, қоғамдағы тәртіп пен мәдениетке нұқсан келтіреді. Ұлттық құндылықтарды сақтаудағы басты қағида, ар-ождан мен ұят сезімін жоғалтпау болса, темекі мен ішімдікке әуестену сол құндылықтарға тікелей қайшы келеді.

Халықтың денсаулығы-мемлекеттің стратегиялық байлығы. Ұлт саулығының әлсіреуі елдің экономикалық қуатына, демографиялық дамуына және әлеуметтік тұрақтылығына кері әсер етеді. Темекі шегудің салдарынан еңбекке жарамды азаматтардың өмір жасы қысқарып, созылмалы аурулар

саны артауда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, жыл сайын темекі шегуден 8 миллионнан астам адам көз жұмады, соның ішінде 1 миллионы-пассивті шегушілер. Бұл көрсеткіштер ұлттың болашағы мен генофондын сақтау мәселесін өзекті етіп отыр. Сондықтан да салауатты өмір салтын ұстану әр азаматтың жеке борышы әрі ұлттық жауапкершілігі болуы тиіс.

Қазақстан Республикасында темекі шегуге қарсы күрес бағытында нақты шаралар қолға алынған. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске сәйкес, қоғамдық орындарда, білім беру ұйымдарында, медициналық мекемелерде және көлік құралдарында темекі шегуге тыйым салынған. Сонымен қатар, темекі өнімдерін жарнамалауға және көмекетке толмағандарға сатуға шектеу қойылған.

Мемлекет тарапынан халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорттық және мәдени

іс-шараларды дамыту бағытында кешенді бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Мектептер мен жоғары оқу орындарында зиянды әдеттердің алдын алу бойынша түсіндіру сабақтары, дәрістер, акциялар мен марафондар өткізіледі. Бұл шаралардың барлығы қоғам санасында ұят пен жауапкершілік сезімін күшейтуге бағытталған.

Зиянды әдеттердің таралуына қарсы күресте отбасының, білім беру мекемелерінің және қоғамның рөлі ерекше. Баланы кішкентайынан дұрыс өмір салтына баулу, спортқа, өнерге және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу-болашақ ұрпақтың дені сау, рухы биік болып қалыптасуының кепілі.

Қоғамда ұят ұғымын жаңғырту маңызды рухани міндет. Себебі, ұят-адамгершіліктің бастауы, ал ұяттан безу-жаман әдеттерге жол ашу. Сол себепті темекі шегу мен өзге де зиянды әрекеттерге «ұят іс» деп қарау сана мен мәдениеттің биік көрсеткіші болмақ. Әр азамат өз ісіне сын көзбен қарап, қоғам мен болашақ алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет.

Қорытындылай келе, темекі шегу және басқа да зиянды әдеттер адам денсаулығына, ұлттың рухани және физикалық дамуына үлкен қауіп төндіреді. Бұл мәселемен күрес-тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті.

Салауатты өмір салтын ұстану, өз денсаулығына ұқыпты қарау, зиянды әдеттерден аулақ болу - әрбір азаматтың ұлт алдындағы парызы. Ұят пен ар-ожданға сүйенген қоғам ғана болашағын жарқын етіп қалыптастыра алады.

Темекі шегу-әдет емес, ол-өз денсаулығына, ұлтына және ұрпағына жасалған қастандық. Сондықтан, әрбір адам өз өміріне және қоршаған ортасына жауапкершілікпен қарап, дені сау, саналы ұлт болуға атсалысуы тиіс.

Ұлытау ауданының
прокуратурасы

Заң және біз

Браконьерлерге қарсы жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде

2025 жылдың 20 қазан - 19 қараша айының аралығында Жезқазған станциясы желілік полиция бөлімшесі мен Қызылжар станциясы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен бірігіп, өз аумағында «Браконьер» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның басты мақсаты – браконьерлікті, биологиялық ресурстар объектілерінде заңсыз аң аулау, балық аулаумен айналысып жүргендерді анықтау және олардың жолын кесу. Атап айтқанда, көлік полициясы браконьерлікті анықтау үшін теміржол вокзалдарында және жолаушылар поезында заңсыз әрекет жасап жүргендерді бақылауда. Соның ішінде аң аулау үшін аймаққа келген шетелдік азаматтардың арасында да тексеру жұмыстары жүргізілді. Профилактикалық іс-шара барысында теміржол вокзалында жолаушылар поезында қару мен патрондарды сақтауға және алып жүруге рұқсат беру құжаттарының сондай-ақ, аң аулау, балық аулау, құрғына тиісті құжаттарының болуын тексереді.

Бұл жұмыстар – заң мен, тәртіп қағидаты ішкі істер органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған қызметінің негізі болып табылады.

Қызылжар және Қоскөл станциясының желілік полиция бөлімшесі.

Республика күні – ел Тәуелсіздігінің бастауы



(Соңы. Басы 1-бетте).

Марапаттау сәті аудан әкімі Аманжол Мырзабековтың құттықтау сөзімен ашылды.

– Ел Тәуелсіздігіне жол ашқан Республика күні Қазақ елінің Ұлттық рухын көтеріп, әлемдік мәртебесін асқақтатқан күн. Өйткені, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Осы тарихи құжат ел егемендігіне алғаш жол ашты. Сондықтан,

бостандық пен еркіндіктің бастауына айналған айтулы күн-баршаңызға құтты болсын! – деді аудан басшысы.

Сөз соңында Аманжол Батырбекұлы Ұлытау облысының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан үшін аудандық білім бөлімінің бас есепшісі Клара Әбдрахманова мен «Берген» шаруа қожалығының басшысы Ербота Жәнібековты Ұлытау облысының Құрмет грамотасымен марапаттады. Облыс әкімі Дастан

Рысбековтың Алғыс хатына- Қосқол ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Айнагүл Такеева, аудандық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі Жолдасбек Рашит, «Бекетай баба» шаруа қожалығының механизаторы Денис Семилетов, «Өмірбек» шаруа қожалығының механигі Айдын Тоқтаров иеленді. Сонымен қатар, шара барысында аудан орталығындағы жаңадан салынған үш қабатты үйден сала мамандарына жатақхана кілті тапсырылды. Бұдан кейін полиция ардагері Қанатбек Баповқа «Қазақстан Полициясының 30 жылдық» мерекелік медалі табысталды. Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен-аудандық полиция бөлімінің аға инспекторы Нұрсұлтан Байболов марапатталды. Аудан әкімінің Алғыс хатына-Мәди Смайлов, Марат Жаңабаев, Марат Байдилин, Қанат Жарасбаев, Гүлзар Аманқұлова, Орынқұл Асылбекова және Жезді кентінің тұрғыны Самбодан Азия және Әлем чемпионы Абылайхан Алшымбек ие болды.

Құттықтау тілек одан кейінде жалғасты. Аудандық мәслихат төрағасы Ахат Құрмансейітов аудан жұртшылығын айтулы мерекемен құттықтады. Өз кезегінде мәслихат төрағасы түрлі салада қызмет етіп, жетістікке жеткен мамандарды Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен марапаттады. Марапатталғандардың қатарында №1 Ұлытау тірек мектебінің мұғалімі Еркебұлан Бегев, Жезді кенті әкімі аппаратының бас маманы Алмагүл Әлмеғамбетова, аудандық мәдениет үйінің шаруашылық меңгерушісі Бақытгүл Бекетаева бар.

Салтанатты шара жалғасы жергілікті өнерпаздардың мерекелік концертімен түйінделді.

Жаңа кітап

«Дінімізді қорғау – ұлтымызды қорғау»

Жақында жоғарғыда аталған тақырыпта Жезқазған қаласындағы «Асар» баспаханасынан жаңа кітап жарыққа шықты.

Қайрат ЖҰМАБАЙ



Асыл дінімізді насихаттауға арналған кітаптың шартты табағы 19,5, көлемі – 312 беттік шағын туынды. Кітап авторы – Ұлытау ауданы Сарысу ауылының тумасы Әнуарбек қажы Сүйінбай тегі. Бұл – оның діни тақырыпта жазған төртінші кітабы. Бұған дейін «Дін-рухани өмір тірегі», «Дін мұраты-ынтымақ пен имандылық», «Елдің діни діңгегі-дәстүрлі ислам» атты үш кітабы жарыққа шыққан.

Әнуарбек қажының жазған кітаптарының негізгі мазмұны-имандылық пен парасат, адамгершілік пен ізгілікке негізделген. Жаңа жинаққа да автордың діни тақырыпта жазылған ой-пікірлері, пайымдаулары енгізілген. Кітаптың тілі жатық, оқуға жеңіл, оқырманның діни сауатын ашуға, ілімін жетілдіруге таптырмас оқулық.

«Қарашаңырақтағы еңбек күні»



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

1928 жылдың 19 қазанында Қарсақбай мыс зауытында алғаш рет мыс балқымасы алынды. Бұл – қазақ түсті металлургиясының тарихында алтын әріптермен әдіптеліп қалған күн. Жыл сайын бұл күнді қарсақбайлықтар атаусыз қалдырмайды. Ал, биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады.

– Маған бұл «Қарсақбай жылы» дегендей әсер етті. Өйткені, қазақ жұмыскерлері қалыптасқан орда біздің Қарсақбай ғой – дейді М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі музейінің директоры Зейіпін Зікірқызы.

Қарсақбайдағы Қаныш Сәтбаевтың музей-үйінде «Қарашаңырақтағы еңбек күні» тақырыбы аясында еңбек ардагерлерімен көрме-кездесу ұйымдастырылды. Көрмеге мыс өндірісі тарихында өшпес із қалдырған алғашқылар мен құрметті металлургтер, инженер-техниктер, даңқты өндіріс жетекшілерінің жеке комплекстері-



нен 200-ге жуық жәдігер шығарылды. М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі музейінің бөлім басшысы Үрзия Қапарова көрмеге қойылған әрбір жәдігер туралы мәлімет беріп, тыңдаушыларын тарихтың тереңіне бойлатты. Мысалы, алғашқы балқытушылардың бірі болған Мұзараф Жүсіпов бірнеше орден-медалдармен,

соның ішінде, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Бір қызығы, Еңбек Қызыл Ту орденінің алғашқы шыққан нұсқасы кейінірек жаңартылып, қайтадан шығарылған екен. Мүзекен соның екеуін де кеудесіне таққан.

Музейде өткен кездесуде Ұлытау аудандық мәслихатының төрағасы А.Құрмансейітов, Сәт-

баев қаласы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ә.Ахметов, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Дастанов, Қазақстанның Еңбек Ері, кенші Т.Мақышев, Қарсақбай мыс заводының еңбек ардагерлері А.Маменов, С.Нұрмағанбетов, аймаққа танымал өнер майталманы, жыршы М.Қожахметов, Қарсақбай зауыты Ардагерлер кеңесінің

төрағасы Қ.Алпысбаева, ҚР Ұлттық музейі көрме-экспозиция бөлімінің жетекшісі А.Нұрмағанбетов сөз сөйледі.

Қарсақбай – елжанды тұлғаларымен де танымал. Солардың бірі – өлкетанушы, қарашаңырақ Қарсақбайдың жанашыры Тоңболат Мұқанұлы еді. Білімдарәрі-жан-жақты азамат Жезқазған даласында өсетін жабайы қызғалдақты жерсіндіріп, өз бақшасында өсірген табиғат жанашыры да болатын. Ол «биыл күзде музейдің алдына қызғалдақтарымды апарып өзім егіп беремін» дейді екен. Тағдырдың шешімі басқаша болды. Бірақ, Тоқаңның аманатына адалдық танытқан замандастары мен іні-қарындастары, өзінің ұл-қыздары Жезқазғанның сирек байлығындай «Қызыл кітапқа» енген дала гүлдерінің тұқымын ардагердің бақшасынан арнайы қазып әкеліп, академик музейінің ауласына отырғызды.

«Жаңбыр жауып мен қыдырған қырқада, Қызғалдақтап көктей берер қыргүлі» деп, Шынболат Ділдебаев жырлағандай, өмір жалғаса береді. Тарих еңбегі сіңген ерлерінің, тұлғалы азаматтарының рухын ешқашан тасада қалдырмайды, ұмытпайды.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың міндетін атқарушы
Қайрат ЖҰМАБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мәжіліс баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VPU00045634 куәлігі берілген.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Хабарландыру мен құттықтаулардың
мазмұнына редакция жауап бермейді.
Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1000 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 41